



080012, Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі, 78 үй
тел: (7262) 43-36-36, факс: (7262) 43-75-77
e-mail: uzo_zhambyl@mail.ru

080012, город Тараз, улица Желтоқсан, 78
тел: (7262) 43-36-36, факс: (7262) 43-75-77
e-mail: uzo_zhambyl@mail.ru

№ **ЖТ-Р-00656**

11.11.2021г

Ш. Раеваға

*Жамбыл облысы, Құмшағал ауылы,
Тайманов көш., 11 үй*

көшірмесі: Облыс әкімі аппаратына

Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы, Сіздің ағымдағы жылдың 02 қарашада облыс әкімі Б. Сапарбаевтың атына жазған өтінішіңізді зерделеп төмендегі ақпаратты ұсынады.

28.10.2021 ж. гинеколог дәрігердің қабылдауында болған, кіші жамбас мүшелерін ультра дыбыстық зерттеуін өткеннен кейін қайта дәрігердің қабылдауына келу керектігі айтылған, алайда келмегенсіз.

30.10.2021 ж. қалалық көп бейінді ауруханасына «Функциональное нарушение кишечника» диагнозымен қаралғансыз, бірақ аталған диагноз стационарлық емдеуге негіз болып саналмайды.

Жамбыл облыстық көпбейінді ауруханасының ішкі аудит қызметімен қызметтік тексеру жүргізілген. Тексеру барысында 01.11.2021 жылы сағат 21:18-де медициналық жедел жәрдем желісімен «Острый холецистит» диагнозы бойынша, 4 күн бойы оң жақ бүйіріндегі ауырсыну қозғалыс және терең тыныс алу кезінде күшеюі, дене температурасының 38С-ға дейін көтерілуі себебінен барғандығыңыз анықталды.

Тексеру кезінде жағдайыңыз салыстырмалы түрде қанағаттанарлық болған. Зертханалық-аспаптық зерттеу әдістері жүргізілген. ЭКГ және КТ кеуде қуысы мүшелері тексерілді. МРТ зерттеу жүргізу үшін көрсеткіштер болмаған.

Хирургия бөлімшесінің меңгерушісі, невропатолог, терапевт, жалпы тәжірибелі дәрігерлерінің қатысуымен консилиум өткізілген. Консилиумның шешімімен «Острый пиелонефрит. Герпес зостер» диагнозы қойылған. Емдеуге жатқызуға көрсеткіштер анықталмаған. Сондай-ақ, туыстарыңыз қабылдау бөлмесінде медицина қызметкерлеріне қатысты өздерін дөрекі ұстаған және видеоға түсіріп отырған.

Зертханалық зерттеулердің нәтижесінде тұрғылықты жері бойынша хирург дәрігердің бақылауы және қалалық көп бейінді ауруханасының уролог, нефролог дәрігерлерінің қарауына бару ұсынылған.

05.11.2021ж. бастап қазіргі кезде қалалық көп бейінді ауруханасының гинекология бөлімінде ем қабылдаудасыз.

Берілген жауаппен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы №350 - VI «Әкімшілік рәсімдік-процесі туралы» Заңына сәйкес шағым жасауға құқылысыз.

Басқарма басшысы



А. Қалиев